



Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қарағанды-Астана автожолының соңғы учаскесін (Вишневка мен Астана арасындағы IV секция) қайта жаңарту туралы Истисна'А келісімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 13 қараша N 102-II

Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Джиддада 2000 жылғы 29 ақпанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қарағанды-Астана автожолының соңғы учаскесін (Вишневка мен Астана арасындағы IV секция) қайта жаңарту туралы Истисна'А келісімі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Истисна'А
Келісімі

Қарағанды-Астана автожолының соңғы учаскесін қайта құру жөнінде
(Вишневка-Астана арасындағы IV секция)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ

ОСЫ КЕЛІСІМ Қазақстан Республикасы (осы жерде және бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталады) мен Ислам Даму Банкі (осы жерде және бұдан әрі "Сатушы" деп аталады) арасында 23/11/1420Н (бұл 29/02/2000 жылға сәйкес келеді) жасалды.

А. Сатып алушы осы Келісімге қоса берілген 1-қосымшада сипатталған жол учаскесін (осы жерде және бұдан әрі "Жол" деп аталады) Истисна'а арқылы қайта құру жөнінде Сатушыға өтініш білдіргендігін.

В. Сатушы Сатып алушының сұрауына келісім беруді және осы Келісімде баяндалған шарттармен және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес айқындалатын және осы Келісімде жазылған жағдайларда ұзақтығы 3 (үш) жыл Жеңілдетілген Кезең аяқталғаннан кейін 12 жылдың ішінде

Сатушыға төленетін Босату Бағасын ғана ескере отырып, Сатып алушы үшін \$20,000,000 (жиырма миллион АҚШ доллары) сомасына Жолды қайта құруды жүргізуді ұйғарғанын.

С. Келісімнің (В) Параграфында аталған шарттар Сатып алушыға хабарланғанын және ол қабылдағандығын;

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,
САТУШЫ МЕН САТЫП АЛУШЫ ОСЫ АРҚЫЛЫ төмендегілер туралы келіседі:

I БАП

АЙҚЫНДАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР

1.1 Осы Келісімде (бұдан әрі - "Келісім" деп аталады), егер

түпнұсқадан өзге мағына туындамаса, бұдан әрі келтірілген терминдерге мынадай мағыналар сәйкес келеді:

Бекітілген сома: Сатушы Жолды қайта құру үшін мақұлдаған
\$20,000,000 (жиырма миллион АҚШ доллары)
мөлшеріндегі Сома.

Жоба: Келісімге қоса берілген II қосымшада
сипатталған Жоба.

Жол: Келісімге қоса берілген I қосымшада
сипатталған Жол.

Консультант: Келісімнің VII бабына сәйкес тағайындалатын
консультациялық фирма немесе жеке
консультанттар.

- Мердігер: Жолды қайта құру тапсырылатын Мердігер.
- Келісім-шарт: Сатушының атынан Сатып алушы Мердігермен жасасқан Жолды Қайта құруға арналған Келісім-шарт.
- Келісім-шарттың бағасы: Жолды Қайта құру үшін Мердігерге төленуге тиесілі Баға.
- Толық құны: Сатушы Жолды Қайта құру кезінде немесе оған байланысты жұмсаған Келісім-шарттың Бағасын және кез келген басқа шығындарды немесе шығыстарды қамтитын Жолды Қайта құрудың Жалпы құны.
- Бірінші төлем күні: Сатушы Келісім-шарт шеңберінде алғашқы төлем жасайтын Күн.
- Келісімнің күшіне енген күні: Келісімнің XIX бабына сәйкес сатушы Келісім күшіне енді деп жариялайтын Күні.
- Алдын-ала қабылдау сертификаты: Консультант Келісім-шарт шеңберінде шығарған және Келісім-шартта көрсетілгендей Сатып алушының Жолды алдын ала қабылдауын растайтын, Сатып алушы қол қойған Сертификат.
- Түпкілікті қабылдау сертификаты: Мердігердің Жолды Қайта құруды үздік аяқтағанын растайтын, Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Консультант шығаратын Сертификат.
- Жеңілдік кезеңі: Бірінші төлем күнінен басталатын және осыдан кейін 36 (отыз алты) айдан кейін аяқталатын Кезең.
- Босату Бағасы: Келісімнің XV бабына сәйкес Сатып алушының Сатушыға төленуге тиесілі Жолдың Босату Бағасы.

Сатып алу жөніндегі басшылық: Ислам Даму Банкінің қаржыландыруы шеңберіндегі Сатып алу жөніндегі Басшылық.

Төлемдердің рәсімі: Ислам Даму Банкі төлемдерінің рәсімі.

Ислам динары немесе "ID" рәмізі: Сатушы Келісімі Баптарының 4 (1)-бабына сәйкес айқындалған Сатушының ақша бірлігі, бұл ретте бір Ислам Динары Халықаралық Валюта Қорының валютасын ("алтын қағаз") алуға арналған арнайы құқықтың бір құжатына тең.

Салық: Қазақстан Республикасында қолданылатын кез келген салық, алым, баж немесе ұқсас сипаттағы басқа да міндеттеме (кез келген төлем дәрменсіздігіне немесе олардың кез келгенін төлеудің кешеуілдеуіне байланысты төленуге тиесілі кез келген айыппұлды шектеусіз қоса алғанда).

1.2 Осы Келісімде:

а) Егер контекстен өзге мағына туындамаса, жекелеген айқындамалар топтық және кері айқындамаларды қамтиды; тұлғалар айқындамасы корпорациялар мен достастықтар айқындамасын қамтиды; және нақты Қосымшаға, Толықтыруға, Бапқа немесе Бөлімге жасалған сілтемелер осы Келісімнің осындай Қосымшасына, Толықтыруына, Бабына немесе Бөліміне жасалған сілтемелер болып табылады.

б) Баптар мен Бөлімдердің тақырыптары тек сілтеме жасаудың қолайлылығы үшін ғана арналған және осы Келісімнің кез келген ережелерін айқындау, түсіндіру немесе шектеу үшін пайдаланылмауға тиіс.

II БАП

КЕЛІСІМНІҢ КІРІСПЕСІ ЖӘНЕ

ОҒАН ҚОСА БЕРІЛГЕН ҚОСЫМШАЛАР

Осы Келісімнің Кіріспесі және оған қоса берілген Қосымшалар Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды.

III БАП ЖОЛДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ

3.1 Сатушы осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Жолды қайта құруды жүргізуге келіседі, ал Сатып алушы Босату Бағасын төлеуге келіседі.

3.2 Осы Келісімнің Тараптары Жолды қайта құруды осы Келісімнің ережелеріне сәйкес таңдап алынатын Мердігердің жүзеге асыратындығы туралы уағдаласады.

IV БАП

ЖОЛДЫ ҚАЙТА ҚҰРУДЫ АЯҚТАУ ҮШІН ЖҰМСАЛАТЫН УАҚЫТ

Келісімнің VI және X баптарының талаптарын орындаған жағдайда Жолды Қайта құру Бірінші Төлем күнінен бастап 3 (үш) жылдың ішінде аяқталатын болады.

V БАП

МЕРДІГЕРДІ ТАҢДАУ

5.1 Келісімнің Тараптары Сатып алушы Сатушымен кеңесе отырып және Сатып алу жөніндегі нұсқауға сәйкес, сондай-ақ Сатушы мақұлдаған жағдайда Жолды қайта құру үшін Сатушы келген қатысушы елден Мердігерді таңдайтындығын келісіп алды.

5.2 Сатып алушы Сатушының атынан келісім-шарттық келіссөздер жүргізеді және мынадай талаптарды орындаған жағдайда Мердігермен Келісім-шарт жасасады:

(a) Келісім-шарт талаптары мен ережелері Сатып алушы мен Сатушы арасында келісілетін болады.

(b) Келісім-шарттың бағасы \$20,000,000 (жиырма миллион АҚШ долларынан) аспайды.

(c) Келісім-шарт шеңберінде Жолды Қайта құруды орындау кезеңі Бірінші төлем күнінен бастап 36 (отыз алты) айдан аспайды.

(d) Келісім-шарт шеңберінде қайта құруға тиесілі Жолдың Ерекшеліктері осы Келісімге қоса берілген 1-қосымшада қысқаша сипатталатын және Келісім-шартта егжей-тегжейлі баяндалатын болады.

(e) Қайта құру орындалғаннан кейін Жолды Сатып алушының өзі тікелей қабылдап алатын болады.

(f) Келіссөздер кезінде талқыланған Келісім-шарттың талаптарын Сатушының жазбаша мақұлдауын Сатып алушы Келісім-шарт жасасқанға дейін алуға тиіс.

VI БАП

КЕЛІСІМ-ШАРТҚА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Сатып алушы Сатушының алдын-ала жазбаша келісімінсіз (a) Келісім-шарт Бағасының ұлғаюына әкелуі; (b) қайта құруды аяқтау күнін ұзартуға әкелуі; (c) Ерекшеліктерінің өзгеруіне әкелуі мүмкін; немесе (d) жалпы қабылданған тәжірибеге

сәйкес келмейтін Келісім-шартқа қандай болса да түзетулер, өзгерістер немесе түрлендірулер жасамайды.

VII БАП

КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАДАҒАЛАУ

7.1 Осы арқылы Сатушы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Жолды Қайта құруды қадағалауға қатысты Сатушының агенті ретінде (осы Келісімнің ережелеріне сәйкес) іс-қимыл жасау құқығын Сатып алушыға сеніп тапсырады. Осы арқылы Сатып алушы бұл құқықты қабылдайды.

7.2 Келісім-шарттың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде Сатып алушыға көмектесу үшін Сатып алушы мамандандырылған Консультантты таңдап алады және қызмет көрсетуі үшін келісім-шарт жасасады.

7.3 Сатып алушы Келісім-шарттың орындалуына қадағалауды жүзеге асыру кезінде ол Келісім-шартта көзделген ерекшеліктерге сәйкес, мерзімде және құн бойынша Жолдың қайта құрылуы үшін тиісті деңгейде, Келісім-шарт шеңберінде Мердігер өзінің міндеттемелерін тиянақты және дұрыс атқаруының мониторингі процесінде этика мен ынталықтың аса жоғары стандарттары бойынша (Консультанттың көмегімен) іс-қимыл жасауға міндеттенеді.

7.4 Келісімнің 7.3-бөлімінің жалпы мәнін төмендетпей-ақ, Сатып алушы:

(a) Жолды Қайта құрудың кез келген кешеуілдеуі немесе ықтимал кешеуілдеуі туралы егжей-тегжейлі толық баяндай отырып, іс жүзінде мүмкін болатын шапшаңдықпен Сатушыға хабарлауға;

(b) Қазақстанның тиісті заңдары бойынша Жолды Қайта құруға қатысы бар барлық реттеуші және әкімшілік мәселелерді шешуге;

(c) Егер ол жұмыс тиісті кезеңде Келісім-шарт бойынша орындалды деп қанағаттанса Алдын-ала қабылдау сертификатына және Түпкілікті қабылдау сертификатына қол қоюға міндетті.

7.5 Егер, Сатып алушы Келісімнің VI бабын бұза отырып, Мердігерге нәтижесінде Келісім-шарттың Бағасы ұлғаятын нұсқау берсе немесе тараптардың кез келгеніне алдында кез келген талаптар, залалдар, зияндар немесе шығыстар бойынша Сатушыға қандай болса да жауапкершілік жүктелсе, онда Сатып алушы Келісім-шарт Бағасын ұлғайтуды өзіне алуға немесе жағдайға байланысты осындай талаптарға, залалдарға,

зияндарға немесе шығыстарға байланысты шығындарды Сатушыға өтеуге келіседі.

7.6 Сатып алушы Осы Келісімнің шеңберінде және Келісім-шарттың шеңберінде өзінің міндеттемелерін орындау үшін қажетті қызметкерлердің қажетті санымен қамтамасыз етуге келісілген.

7.7 Осы Келісімнің шеңберінде Сатып алушыны Сатушыны Бақылаушы ретінде тағайындауға байланысты немесе осының нәтижесінде Сатып алушы Сатушы тарапынан қандай болса да сыйақыға немесе өзге төлемге құқығы болмайды.

VIII БАП

БЕКІТІЛГЕН СОМАНЫ ТӨЛЕУ

Сатушы Келісім-шартта айтылған жолмен және Төлем рәсімдеріне сәйкес Бекітілген соманы төлеуді жүзеге асырады.

IX БАП

САТУШЫНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ТОҚТАТА ТҰРУ

9.1 Сатып алушы Сатушыдан Келісім-шартқа қол қойылғанға дейін Бекітілген соманың немесе оның кез келген бөлігінің күшін жою туралы сұрай алады.

9.2 Келісім-шартқа қол қойылғанға дейін Сатушы Сатып алушыға хабарлай отырып, осы Келісімнің іс-әрекетін кез келген мынадай жағдайларда:

(a) Сатып алушы осы Келісімді қоспағанда, кез келген келісім шеңберінде оның тарапынан Сатушыға немесе Сатушының кез келген еншілес органына кез келген тиесілі соманы төлеу жөніндегі өзінің міндеттемелерін орындауға дәрменсіз болса;

(b) Сатып алушы осы Келісім шеңберінде өзінің кез келген міндеттемелерін орындамаса;

(c) (i) Сатушының пікірінше осы Келісім шеңберінде Сатып алушының міндеттемелерінің орындауын мүмкін емес ететін; немесе (ii) осы Келісімнің жасалуына себеп болатын мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтіретін айрықша төтенше жағдай орын алса;

(d) Сатып алушы жасаған мәлімдеме, сондай-ақ Сатушыға бағытталған, Жобаны өңдеу кезінде оның мақұлдануы немесе осы Келісімге енгізілуі жөнінде ол шешім қабылдайды деп күтілген кез келген есеп кез келген жағынан толық болмай шықса немесе жарамсыз болса тоқтата алады.

Келісім осындай тоқтатуға негіз болған оқиға немесе оқиғалар жойылмайынша не ертерек орын алатын жағдайларды ескере отырып, Сатушы Сатып алушыны Сатушының жолды қайта құру жөніндегі міндеттемелері қайта қалпына келтірілгені жөнінде хабарламайынша тоқтатыла тұрады; алайда, кез келген мұндай хабарлама жағдайында Жолды қайта құру жөніндегі міндеттеме осы хабарламада көзделген дәрежеге және осындай талаптарға бағындырылатын болады және ешқандай осындай хабарлама осы Бөлімде сипатталған одан кейінгі кез келген басқа оқиғаға қатысты Сатушының құқығына, өкілеттігіне немесе жауап қайтарған іс-әрекеттің ықпал етпейді және құқығын кемітпейді.

9.3 Келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін Сатушы жағдайға байланысты, кез келген уақытта мынадай жағдайлардың бірінде:

(a) егер Келісім-шартқа қатысы бар кез келген мәселе бойынша Сатып алушы мен Мердігер немесе Кеңесші арасында дау туындаса;

(b) егер Келісім-шарт бұзылып, ал Сатушы мен Сатып алушы Мердігерді немесе қолданатын шаралардың түрлерін алмастыруға келісе алмаса.

9.4 Келісімнің XVIII-бабына және 19.2-бөлімге сәйкес, егер (a) Бекітілген Нақтыланған соманы төлеу немесе Келісімнің іске асыру ұзақтығы үзіліссіз 90 (тоқсан) күнге тоқтатылса немесе (b) Сатушы Сатып алушымен кеңескеннен кейін кез келген уақытта Бекітілген соманың белгілі бір бөлігі Жолды қайта құруды қаржыландыру үшін қажет болмайды деп айқындаса Сатушы Сатып алушыға Келісімді бұзғандығы туралы немесе Сатушының осындай соманың бір бөлігін төлеу міндеттемесі туралы хабарлауы мүмкін. Мұндай хабарлама берілгеннен кейін жағдайға байланысты, Бекітілген соманың осы бөлігінің күші жойылды деп немесе Келісім бұзылды деп саналады.

9.5 Келісімнің 9.4-бөлімі шеңберінде Келісімді бұзу осындай бұзу орын алғанға дейін кез келген тарапқа сеніп тапсырылған қандай болса да міндеттеменің немесе құқықтың маңызын төмендетпейді.

X БАП

МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ

Келісім-шарт бойынша Сатып алушының кез келген міндеттемесін орындауға қатысты Сатып алушының Сатушының келісімімен Мердігерге белгілеген жұмысының мерзімін кез келген ұзарту, егер мұндай ұзартуды Сатып алушы Сатушыға осы Келісім бойынша белгілесе, Келісім шеңберінде Сатушының тиісті міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға негіз болады.

ХІ БАП

САТЫП АЛУШЫНЫҢ ЖОЛДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Сатып алушы Түпкілікті қабылдау сертификатына қол қойғаннан кейін ол Келісімнің кез келген мақсаттары үшін Жолды сөзсіз қабылдауды жүзеге асырды деп саналады.

ХІІ БАП

ЖОЛДЫ ТАПСЫРУ - ҚАБЫЛДАУ

Жолды тапсыру-қабылдауды тікелей Сатып алушының жүзеге асыратындығы Келісім-шартта көзделеді деп келісілген. Сол сияқты Жолды тапсыру-қабылдаудың кез

келген кешеуілдеуі нәтижесінде кез келген залал үшін, егер мұндай кешеуілдеу Сатушының іс-әрекеттерінен туындамаса, Сатушы Сатып алушының алдында ешқандай жағдайда да жауапкершілік жүктемейді деп келісілді.

ХІІІ БАП

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛ

Түпкілікті қабылдау сертификатына қол қойылғаннан кейін Жолға иелік ету және пайдалану тәуекелі Сатып алушыға беріледі.

ХІV БАП

ЖОЛДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

14.1 Сатушы Жолдың техникалық жағдайына, пайдалануға жарамдылығына, жобалануына және жолдың немесе оның кез келген бөлігінің ерекшеліктерге сәйкестігіне қатысты ешқандай өтініш жасамайды немесе кепілдік бермейді, сондай-ақ Жолдың өзіне немесе оның кез келген бөлігіне қатысты пәлендей де өтініштер немесе кепілдіктер болса да, ешқандай жағдайда да өтініш жасаған немесе кепілдік берген болып саналмайды.

14.2 Жоғарыда айтылғандардың мағынасын кемсітпей-ақ, Сатушы Сатып алушының немесе кез келген басқа тұлғаның немесе ұйымның алдында:

(а) Жолға тікелей немесе жанама (немесе ықтимал байланысты) байланысты кез келген міндеттемеге, зиянға немесе залалға не оның бірдей еместігіне, жеткіліксіздігіне немесе ондағы ақауға, сондай-ақ Жолға байланысты туындаған кез келген басқа

жағдайларға;

(b) Жолды пайдалануға немесе қолдануға және осыған байланысты тәуекелге;

(c) қызмет көрсетудің кез келген тоқтауына, бизнесіне немесе күтіліп отырған пайдаға немесе залал нәтижесінде туындаған нұқсан келтіруге қатысты ешқандай жауапкершілікті немесе міндеттемені мойнына алмайды.

(d) Мердігер Сатушыға беруі мүмкін және Сатып алушы қараған және қабылдаған Жолға қатысты кез келген кепілді немесе кепіл талаптарын, сондай-ақ заңдарда көзделген немесе Сатушының пайдасы мақсатымен тануы мүмкін барлық басқа да шарттарды немесе кепілдіктерді Сатушы Сатып алушыға табыстауға міндеттенеді. Бұдан басқа, Сатушы Сатып алушыға Мердігерге қарсы талап қою мүмкіндігін беру мақсатында Сатып алушы негізделген түрде талап ететін басқа да шараларды қолданады.

XV БАП

БОСАТУ БАҒАСЫН ТӨЛЕУ

15.1 Егер жыл сайынғы негізде үстеме бағасы 5,5 % (бес және бес процентті) құрайды деп саналса, Босату бағасы үстеме бағаны қосқанда Толық құнға балама сомаға тең болады.

15.2 Сатып алушы Босату бағасын жарты жылда бір рет 24 (жиырма төрт) тең және тізбектік бөлік түрінде төлейді, олардың алғашқысы Жеңілдік кезеңі аяқталғаннан кейін алты айдан кейін төленуге тиесілі. Түпкілікті қабылдау сертификаты шығарылғаннан кейін Сатушы Босату бағасының Төлем кестесін Сатып алушыға тез арада жібереді.

15.3 Сатып алушы Сатушыға Босату бағасының бөлек бір алынған жылға тиесілі бөліктерін дәл мерзімінде немесе оған дейін төлеу кезінде Сатып алушы осы жылға арналған осындай бөліктер бойынша Сатушыға тиесілі үстеме бағадан 15 % (он бес процент) мөлшерінде шегерім жасауға құқығы болады.

15.4 Келісімнің 15.7-бөліміне сәйкес Келісім шеңберінде Сатып алушы

Сатушыға төлеуге тиесілі әрбір төлем Сатушының шотына тиесілі күнгі соманы Сатушы үшін қолайлы кез келген айырбасталатын валютада немесе кезең-кезеңімен Сатушы Сатып алушыға жазбаша түрде хабарлай алатын кез келген басқаша жолмен жүргізілетін болады.

15.5 Келісім шеңберінде Сатушыға тиесілі кез келген төлем Сатушының шотына мұндай төлемдердің түскендігі туралы төмендегі банктердің кез келгені растаған кезде тиісті түрде жасалған болып саналады:

(a) Егер мұндай төлем АҚШ долларында жүргізілсе:

(i) Шот No. 001591.11

Saudi International Bank

99, Bishopsgate, London EC 2M 3TB

Tlx Nos. 8812261, 8812262

(ii) Шот No. B 10507

Arab Banking Corporation

P.O. Box: 5698

Manama/Bahrain

Tlx Nos. 9385, 9431/2/3

9442 ABCBAH BN

(b) Егер мұндай төлем Француз франкінде жүргізілсе:

Шот No. 96965.9.001.00

Union De Banques Arabes Et

Francaises (U.B.A.F)

190 Avenue Carles De Gaulle

92523 Neuilly Cedex, France

Tlx No. 610334 UBAFRA

(c) Егер мұндай төлем фунт стерлингте жүргізілсе:

Шот No. 708372

Gulf International Bank

2-6 Canon Street, London EC 4M 6XP

Tlx Nos. 8813326, 8812889

(d) Егер мұндай төлем ЕВРО валютада жүргізілсе:

(i) Шот No. 159127

Saudi International Bank

Through-Deutsche Bank, Frankfurt
(ii) Шот No. 01551590
United Bank of Kuwait
London
Through-Midland Bank, London

15.6 Егер төлем жасау жұмыс күні болып табылмайтын күнге келіп түссе, ол келесі жұмыс күнінде жүргізілетін болады.

15.7 Ислам динары Сатып алушының тарапынан Келісім шеңберінде кез келген уақытта тиесілі әрбір және кез келген сомалар үшін ақша бірлігі болып табылады. Егер осы Келісімнің мақсаттары үшін Ислам динарымен ақша сомасын кез келген басқа валютаға және керісінше аударымды жүзеге асыру талап етілсе, пайдаланылатын айырбастау бағамын Сатушы белгілейтін болады. Сатушы осындай төлем жасауды жүзеге асыру күні Халықаралық Валюта Қоры хабарлаған ХВҚ-ның валютасын ("қағаз алтынын") алуға арналған арнайы құқық үшін айырбастаудың басымды бағамы негізінде осындай аударымды жүзеге асырады.

15.8 Келісім шеңберінде Сатып алушы жүзеге асыратын барлық төлемдер кез келген салықты, есепке алуды, қарсы талапты және өзге де төлемдерді аударусыз босатылатын және жүргізілетін болады. Егер заң бойынша Сатып алушы Келісім шеңберінде өзі төлеуге тиісті кез келген сомадан қандай болса да аударым немесе ұстап қалу жүргізілуге тиіс болса, өзіне қатысты осындай ұстап қалу немесе аударым талап етілетін төлем жасауға тиесілі сома осындай аударым немесе ұстап қалудан кейін Сатушы, егер ешқандай да ұстап қалу немесе аударым жүргізілмеген жағдайда, өзі ала алатын сомаға балама таза соманы алуды және сақтауды қамтамасыз етуге қажетті дәрежеде арттырылуға тиіс (осындай аударымға немесе ұстап қалуға қатысты кез келген міндеттемеден босатылған).

XVI БАП

КЕПІЛДІК

Сатып алушы:

1) осы Келісімге кіруге және Келісімнің шеңберінде өзінің міндеттемелерін орындауға құқығы бар, сондай-ақ, осы Келісімнің орындалуын және Сатып алушы Келісім шеңберіндегі өзінің міндеттемелерінің орындалуына санкциялау үшін талап етілетін барлық шараларды тиісті түрде қабылдағанына;

2) осы Келісіммен Сатып алушы өз атына қабылдап алатын міндеттемесі Келісім талаптарына сәйкес Сатып алушыны міндеттейтін заңды және іс жүзіндегі міндеттемелер болып табылатындығына;

3) осы Келісімді іске асыру және Сатып алушы Келісім шеңберінде өзінің міндеттемелерін орындауы қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын қандай болса да бір келісімнің немесе Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта қолданыстағы заңның бұзылуына әкеп соқтырмайтындығына;

4) Қазақстанның заңдарына сәйкес орындалуы талап етілетін барлық рәсімдер мен шарттарды (валюталық бақылау рәсімдерін қоса алғанда):

(i) Сатып алушыға осы Келісімді заңды түрде жасасуға және Келісім шеңберінде олардың өз атына қабылдап алған міндеттемесін орындауға мүмкіндік беру;

(ii) осы Келісімде Сатып алушы қабылдап алатын міндеттеме заңды, шын нақты және жүзеге асырылатын болып табылатындығын қамтамасыз ету;

(iii) осы Келісімнің келесі қадамдарды орындамай немесе формалдықсыз Қазақстанда дәлел ретінде әрекет етуін Қазақстанның заңдары мен Конституциясына қатаң сәйкес келтіріліп сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету үшін қолданылады;

5) Келісім жасалған күнгі жағдай бойынша әрекет ететін Қазақстанның заңдары шеңберінде Сатушының осы Келісім бойынша Сатып алушыға қоятын талабы Сатып алушының кез келген берешегі бойынша барлық өзге де қамтамасыз етілмеген несие берушілердің талаптарымен әрі кеткенде тең жағдайда әрекет ететіндігіне кепілдік береді.

XVII бап

МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

17.1 Егер осы Бөлімде (міндеттемелердің орындалмау жағдайлары) жазылған келесі оқиғалардың бірі орын алса және орын алуы жалғасып жатса Сатушы Сатып алушыны хабардар ете отырып, Босату бағасын толық немесе ішінара жария ете алады, осыдан кейін кейіннен қандай болсын да бір хабардар етпей-ақ тез арада ақы төлеу жүргізеді (осы Келісімнің өзге шарттарына қарамастан):

а) Босату бағасының кез келген бөлігін төлеу процесінде 15 (он бес) күн бойы орын алған міндеттеменің орындалмауы туындады;

б) осы Келісімнің шеңберіндегі Сатып алушының кез келген міндеттемесін орындау процесінде міндеттемені орындамау (жоғарыдағы (а) параграфында жазылғаннан басқа) туындады және мұндай орындамау 30 (отыз) күн бойы орын алды;

с) осы Келісімді орындауға және ресми беруге байланысты немесе осы Келісімнің шеңберінде қаражат төлеуге кез келген сұрау салуға байланысты Сатып алушы берген немесе растаған сатып алушының кез келген мәлімдемені немесе кепілдігі Сатушыдан ол туралы хабарды Сатып алушы алғаннан кейін 30 (отыз) күннің ішінде шындыққа сәйкес келмейтіндігі және шындыққа сәйкес келмейтіндігі одан әрі жалғасып отырғандығы анықталған болса;

д) Сатып алушы өзінің борыштарын қайта жоспарлау жөніндегі қандай да бір әрекет жасауды қолға алса;

е) Сатып алушы төлемдер және қаржы міндеттемелері (мораторийлер) бойынша мерзімін ұзартқаны туралы хабарласа не тиісті мерзімдердің басталуына қарай борыштарды төлей алмау жағдайына тап болса;

ф) осы Келісімнің кез келген ережесі заңсыз, жарамсыз немесе жүзеге асырылуға келмейді, не осылай болды деп танылады.

17.2 Егер міндеттемені орындамау жағдайы орын алса немесе уақыт өткен сайын оқиға міндеттеменің орындалмауын тудыруға әкеліп соғатын болса Сатып алушы Сатушыға міндеттеменің орындалмауының немесе осындай оқиғаның осындай жағдайын және жағдайды түзету үшін Сатып алушы қолға алып отырған шаралар сипатын көрсете отырып дереу арада ол туралы телекспен немесе факспен жазбаша хабардар етеді.

17.3 Осы Келісімнің шеңберінде міндеттеменің орындалмауының не өзге келісімді, немесе оларды жалпы орындамаудың қайсы бір жағдайының нәтижесінде туындайтын кез келген оған тиесілі құқықты немесе өкілеттікті немесе шараларды жүзеге асыруда Сатушының ешбір кідіртуі кез келген осындай құқыққа, өкілеттікке немесе қабылданатын шараға шәк келтіртпейді және осы құқықтан бас тартуы не олардан қайту ретінде түсіндірілмейтін болады; және кез келген осындай міндеттеменің орындалмауына қатысты Сатушының ешқандай іс-әрекеті, не осы жөніндегі оның қайтуы міндеттеменің орындалмауының кез келген басқа жағдайына байланысты Сатушының құқына немесе өкілеттігіне шәк келтіртпейді.

XVIII БАП

КЕЛІСІМНІҢ КҮШІН ЖОЮ

18.1 Егер Келісім-шарт осы Келісімнің күшіне енгізілген күнінен бастап 180 күн ішінде қол қойылмайтын болса, Сатушы Сатып алушыны хабардар ете отырып, егер тек осындай кідіруді Сатып алушы Сатушы қанағаттандыратындай болып негізделмеген болса, осы Келісімнің күшін жоюы мүмкін.

18.2 Егер Мердігер Келісім-шарт бойынша өзінің кез келген міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етпеген жағдайда, және Сатып алушы Сатушымен консультация жасай отырып оның ережелеріне сәйкес Келісім-шартты бұзады, осындай бұзу егер тек Сатушы өзгеге келіспесе, ол қабылданғаннан бастап 60 (алпыс) күн өткеннен кейін осы Келісімнің күшін жоюға негіз бола алады.

18.3 Не Сатушы болсын не Сатып алушы болсын олардың ешқайсысы осы Келісімнің 18.1 бөлімінің немесе 18.2 бөлімінің шеңберінде Келісімнің күші жойылған күнінен бастап бір-бірінің алдында ешбір одан әрі өзара міндеттемелері болмаған жағдайда осындай, күшін жою қайсы бір міндеттемеге немесе осындай күшін жойғанға дейін тараптардың әрқайсысын берілген құқыққа ықпалын тигізбейді.

18.4 Келісімнің күші жойылғанына қарамастан Сатып алушы Сатушымен ынтымақтастықты және Келісім-шартты бұзу бойынша Өткізу бағасының осындай бөлігін және Сатушыға тиесілі болатын қандайда болмасын кез келген басқа соманы Мердігер өтеген кезде де жағдай жасауды жалғастырады.

XIX БАП

КЕЛІСІМНІҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

19.1 Осы Келісім Сатып алушы шын мәнінде Сатушы үшін қолайлы нысанда дайындалған Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңды қорытындысын Сатушыға бергенге дейін өзінің күшіне енбейді.

19.2 Егер Келісім оған қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде күшіне енбесе, егер тек Сатушы кідіртудің себебін қарағаннан кейін осы Бөлімнің мақсаттары үшін ең соңғы күнді айқындамаса, келісім және де оның тараптарының барлық міндеттемелері сияқты бұзылады. Сатушы осындай неғұрлым соңғы күн туралы не жағдайға байланысты Келісімді бұзу туралы Сатып алушыға жедел түрде жазбаша хабардар етеді.

XX БАП

ЕСЕП БЕРУ

Сатып алушы мынадай есептіліктерді беруге міндеттенеді:

а) Келісімнің күшіне енуінен бастап үш ай ішінде және осыдан кейінгі әрбір үш ай сайын дайындалған Келісім-шартты іске асыру барысы туралы есептілік беру Сатушымен мезгіл-мезгілмен хабарланып отыруы мүмкін;

б) Түпкі қабылдаудың Сертификаты басып шығарылған соң жедел түрде бірақ, осындай Сертификат шығарылған соң алты айдан кешіктірмей, осындай көлемде және Сатушы негізді талап етуі еткеніндей сияқты егжей-тегжейлікте Қайта құру және Жолдарды алғашқы пайдалану жөніндегі қорытынды есеп;

с) Кез келген басқа есеп берулер немесе мезгіл-мезгіл Сатушы негізді талап етуі мүмкін мәліметтер.

XXI БАП

ҚҰҚЫҚТАН БАС ТARTУ

Сатушының осы Келісім шеңберінде өзінің құқын іске асыруға және немесе сақтауға қабілетсіздігі, не осыны жүзеге асырған кезде оның тарабынан жол берілген кідіртулер, сондай ақ Сатушының Сатып алушыға олардың қолданатын шараларды қабылдауда құқықты іске асыруды және сақтауға қабілетсіздігі, не осыны жүзеге асыру кезінде оның тарабынан жол берілген кідіртулер осындай құқыққа немесе шараларға шәк келтірмейді және осындай құқық немесе шаралардан бас тарту ретінде қаралмайтын болады.

XXII БАП

ҚОЛДАНЫЛЫП ЖҮРГЕН ЗАҢДАР. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

22.1 Осы Келісім Ислам Шариатының заңдары бойынша басқарылады және түсіндіріледі.

22.2 Осы Келісімнің тараптары арасындағы кез келген дау және осы Келісімнің шеңберінде туындаған бір жақтан екінші жаққа қарсы кез келген талап екінші жақтың атына бірінші жақтан хабар берілген күннен бастан 60 (алпыс) күн ішінде бітімдесу жолымен реттелмейтін болса, төмендегі жазылған рәсімдер бойынша Төрелік соттың қарауына берілетін болады:

(а) Тараптармен Сатушы бір жағынан және Сатып алушы екінші жағынан осындай төрелік талқыланудың тараптары ретінде әрекет етеді.

(б) Төрелік сот былайша тағайындалған үш төрешіден тұрады:

Бір төрешіні Сатушы тағайындайды, екінші төрешіні - Сатып алушы, ал үшінші (мұнда және бұдан әрі "Рефери" деп аталады) төреші тараптар келісімі бойынша, не олар келіспеген жағдайда Ислам Конференциясы Ұйымының Бас хатшысы (ІКҰ)

тағайындайтын болады. Рефери халықаралық қаржыда мамандандырылған заңгер немесе ислам қаржы операцияларынан білімі бар банкир болады. Егер тараптардың біреуі төрешіні тағайындамаса, төрешіні Ислам Конференциясы Ұйымының Бас хатшысы тағайындайды. Егер осы Бөлімге сәйкес тағайындалған төрешілердің бірі қызметінен босатылса, қайтыс болса немесе жарамсыз болса бастапқы төрешіні тағайындау үшін Келісімде жазылғанындай түрде сабақтас төреші тағайындалатын болады және осындай төреші бастапқы төрешінің барлық құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

(c) Барлық төрелік талқылау осы Бөлім шеңберінде басқа тарапқа қарсы осындай талқылау енгізетін тараптардың хабар етуі арқылы жүргізілуі мүмкін. Осындай хабарлау талқылауға берілетін даулар немесе талап қою сипаты, сұралған талқылау шешімінің сипаты, талқылауды ұйымдастырушы тарап тағайындаған төрешінің және Рефери ұсынған үміткердің аты баяндалған өтінішті қамтитын болады. Осындай хабарлама берілгеннен кейін 30 (отыз) күн ішінде басқа тарап талқылауды ұйымдастырған тарапқа басқа тарап тағайындаған төрешінің атын, және Рефери ұсынған тағайындаумен өзінің келісетіндігін немесе келіспейтіндігін хабарлайды.

(d) Егер талқылауды ұйымдастырушы осындай хабарлама бергеннен кейін 60 (алпыс) күн ішінде тараптар Реферидің кандидатурасына немесе талқылау туралы хабарлама берген тарап келіспесе тараптардың кез келгені осы Бөлімнің (b) параграфында көрсетілгеніндей екінші төрешіні немесе Рефериді (жағдайға байланысты) тағайындауды талап етуі мүмкін.

(e) Төрелік Трибунал Рефери айқындаған мезгілде және жерде шақырылатын болады. Бұдан соң Төрелік Трибунал оның мәжілісінің қайда және қашан өтетіндігін айқындайды.

(f) Осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес және егер тараптар өзгеге келіскен жағдайда Төрелік Трибунал өзінің құзыретіне кіретін барлық мәселелерді шешетін болады және өз жұмысының ресімін айқындайтын болады. Төрелік Трибуналды жүргізу процесінде барлық шешім көпшілік дауыспен қабылданатын болады.

(g) Төрелік Трибунал барлық тараптарға тыңдауға қатысуға мүмкіндік береді және өзінің шешімін жазбаша түрде шығарады. Төрелік Трибуналдың көпшілігі қол қойған шешім осы Трибуналдың шешімі болып табылады. Қол қойылған шешімнің дубликаты тараптардың әрқайсына берілетін болады. Осы Бөлімге сәйкес шығарылған кез келген шешім түпкілікті және осы Келісімнің тараптары үшін міндетті болады. Тараптардың әрқайсысы осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес Төрелік Трибунал шығарған кез келген осындай шешімді басшылыққа алады және орындайтын болады.

(h) Тараптар төрелік талқылауды жүргізу үшін қызметтері қажет етілетін төрешілерге және басқа тұлғаларға берілетін сыйақының тіркелген сомасын белгілейді. Егер тараптар Төрелік Трибунал шақырғанға дейін осындай сомаға келіспейтін болса, ол жағдайға байланысты ыңғайлы мөлшерде Төрелік Трибунал белгілейтін болады.

Сатушы мен Сатып алушы талқылау жүргізілген кезде ұшыраған шығындарын өздері төлейді. Төрелік Трибуналды өткізуге арналған шығындар Сатушы мен Сатып алушы арасында бірдей бөлінетін болады. Төрелік Трибуналды өткізуге арналған шығындарды төлеу мақсатында оларды бөлуге қатысты кез келген мәселені Төрелік Трибунал шешетін болады.

(i) Осы Бөлімде баяндалған Төрелік талқылауды өткізу туралы ереже осы Келісімнің тараптары арасындағы дауларды шешудің кез келген басқа ресімдерінің немесе осы Келісім шеңберінде бір Тараптың екінші тарапқа ұсынатын кез келген талап шешімінің орнына қолданылатын болады.

(j) Егер қаулының дубликаты тараптарға берілгеннен кейін 30 (отыз) күн ішінде оның орындалуы жүзеге аспаған жағдайда тараптардың кез келгені кез келген сотта басқа тарапқа қарсы сот процесін бастауға немесе қаулының орындалуы жөніндегі мәжбүрлі шараларды қолдану мақсатында соттық талқылауды ұйымдастыра алады, заңдық құзырлы соттың шешімін орындау үшін мәжбүрлі шараларды қолдана алады, сондай ақ осы Келісімнің шарттарын күштеп орындату үшін басқа тараптарға қарсы кез келген басқа тиісті шараларды қолдана алады.

(k) Осы Бөлімге сәйкес шығарылған Трибуналдың қаулысын орындату мақсатында кез келген сот талқылауына байланысты кез келген хабарламаға және процеске қызмет көрсету осы Келісімнің XXIII бабында көзделген жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Осы Келісімнің Тараптары кез келген осындай хабарламаға және процеске қызмет көрсету жөніндегі кез келген және басқа талаптардан әрқайсынан бас тартады.

XXIII БАП

ХАБАРЛАМА

23.1 Осы Келісім шеңберінде оған байланысты немесе басқа тараптың атына тараптар беретін немесе жасайтын кез келген хабарлама немесе сұрау соларға байланысты жазбаша түрде орындалуға тиісті және телекспен немесе пошта арқылы хатпен жіберілуі мүмкін. Хабарлама немесе сұрау егер оларды

жеткізу басқа тарапқа Келісімнің 23.2 бөлімінде көрсетілген мекен-жайға немесе басқа тарапқа хабар етудің дәнекері болып тағайындалуға тиісті кез келген басқа мекен-жайға қолма-қол немесе поштамен, не телекспен/телефакспен жіберілген жағдайда тиісті дәрежеде берілген болып саналады.

23.2 Келісімнің 23.1 бөлімінің мақсаттары үшін тараптар төмендегі өзінің мекен-жайын мынадай түрде көрсетеді:

Банк үшін
The Islamic Development Bank
P.O. Box: 5925
Jeddah - 21432
Kingdom of Saudi Arabia
Telex: 601137 ISDB SJ
Cable: BANKIISLSMI JEDDAH
Fax: 6366871

Сатып алушы үшін
Қаржы министрлігі
473000
Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
Факс (3172) 117091/117063

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН осы Келісімнің Кіріспесінде көрсетілген күні тараптар осы Келісімге қол қойды.

ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ
ҮШІН ЖӘНЕ АТЫНАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН ЖӘНЕ АТЫНАН

1-ҚОСЫМША

ЖОЛДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ислам Даму Банкі, Вишневка қаласынан Астана қаласына дейінгі

Қарағанды-Астана (54,5 шм) автомобиль жолының IV-секциясын Қайта құру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асырады. 54,5 шм. жолдың тек 6 шм. ғана төрт жолақты бөлікті құрайды, қалған 48,5 шм. екі жолақты қозғалыс жолын құрайды. Ислам Даму Банкінің қаржыландыруына жататын учаске (орын алып отырған және жақсарту ұсынылып отырған) ерекшелігінің мынадай түрлері бар:

Қашықтығы	6 шм	48,5 шм
Орын алып отырған жолдың түрі	2x2	1x2
Қозғалыс жолақтары	4	2
Жолаушылар жүретін бөлігі	19,5	7
Оң жақ шеті	3,6	3,3
Сол жақ шеті	2,9	3,5
Үстіңгі қабаттың тегістілігі	4,4	5,2

Ұсынылып отырған жақсартулар:

Ұсынылып отырған жолдың санаты	I-b	11
Қозғалыс жолақтары	4	2
Жол трассасының ені	27,5	15
Қозғалыс жолағының ені	3,75	3,75
Жол шетінің ені	3	3
Жол шетін нығайту	0,75	0,75
Үстіңгі қабаттың тегістілігі	2,0	2,0

Шетел валютасындағы \$67,63 млн. сомасындағы құнның бөлігін қоса алғанда жобаның жалпы құны \$53,3 млн. (80 %) мөлшерінде бағаланды.

2-ҚОСЫМША ЖОБАНЫҢ СИПАТЫ

Қарағанды-Астана автомобиль жолы Алматы қаласын жаңа астана - Астанамен қосатын Қазақстанда Алматы-Гүлшат-Қарағанды-Астана трассасының 228 шақырымның учаскесі болып табылады. Жоба Қазақстанның индустриалды

аймақтарымен, орталық Азия республикаларымен және Ресей Федерациясы арасындағы сенімді байланысты қамтамасыз етеді.

Жоба автомобиль көлігінің тиімділігін арттыруға, көлікті пайдалану шығыстарын және жол-көлік оқиғаларын төмендетуге, сондай-ақ жаңа астана аймағын Солтүстік Қазақстанды, әсіресе аймақтағы Астана қаласын дамытуға көмектесуге бағытталған. Жоба орын алып отырған Қарағанды-Астана автомобиль жолын қайта құрудан, сауықтырудан және жаңғыртудан тұратын жетілдіруді қамтиды.

Осылайша, көлденең жасанды дренаждық құрылыстарды (көпірлерді және құбырларды) кеңейтуді/алмастыруды қоса алғанда жұмыс негізінен орын алып отырған автожолды жаңғыртуға, жолдың сыртқы қабатын нығайтуға және сауықтыруға бағытталатын болады:

- Құрылыс жұмыстары;
- Консультациялық қызмет көрсету (қайта құруға бақылау);
- Жобаны іске асыратын топ (ЖІАТ);
- Жолды ұстауға арналған жабдық.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.